

Ж.А. Манкеева* , **А.Ә. Жаңабекова** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: mankeeva1950@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ» МӘДЕНИ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Қазіргі антропоэзектік парадигманың зерттеу үдерісін негіздейтін «тілдегі адам» проблемасы тілді танудың кешенді зерттеу жүйесін талап етеді. Осы орайда тілдің танымдық, әлеуметтік, мәдени феномен ретіндегі табиғи болмысын тіл иесінің әлем туралы білімі қалыптасатын «ғаламның бейнесімен» сабақтас зерттеу – аса маңызды. Осы сабақтастықтың айшықты қазыналық өзегін құрайтын фразеологизмдердің қазақ болмысын танытатын мәдени тілдік кешенді жүйесін этнолингвистикалық, лингвомәдени, лингвоәлеуметтік т.б. кешенді жүйесін қазақ тіл білімінде тіл ~ этнос (адам) ~ мәдениет, тіл ~ табиғат сабақтастығына сүйенген академик Ә.Т. Қайдар мектебінің антропоэзектік бағытта жан-жақты жүргізілген зерттеулерінің нәтижесі белгілі. Мақалада осы мектептің өкілі фразеолог-ғалым Г.Смағұлованың тілді тіл білімінің жаңа бағыттарына және парадигмалары негізінде жүргізілген зерттеулеріне сүйеніп, қазақ тіл білімінде когнитивтік фразеологияның қалыптасу мәселесі сөз болады. Осымен байланысты қазіргі лингвистикадағы тілді зерттеудің лингвокогнитивтік деңгейіне сай тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл арқылы бейнеленген «ұлттық коды» қағидасын ұстанатын ғалымның қазақ фразеологиясын лингвистикалық парадигмалар бойынша анықтаған, қазақ дүниесінің «фразеологиялық бейнесін» сипаттау мақсатында жүргізілген зерттеулерінің жүйесі заманауи лингвистиканың деңгейінде бағаланады. Мұндай бағыттағы зерттеулер тіл мен мәдениет бірлігін тереңірек ұғынуға және ұлттық болмысты танымдық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: фразеологиялық әлем, когнитивті фразеология, тіл ~ этнос (адам) ~ мәдениет, тіл ~ табиғат, ұлттық код, лингвоакциологиялық талдау, мәдениеттанымдық коммуникация, антропоэзектік парадигма, зооморфизмдер, соматизмдер, фразеологизмдер.

Zh.A. Mankeyeva*, A.A. Zanabekova

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: mankeeva1950@mail.ru

The Cultural and Pragmatic Potential of the “Phraseological Worldview” in the Kazakh Language

The problem of «man in language», which underlies the research process of the modern anthropo-subject paradigm, requires a comprehensive research system of language recognition. In this regard, the study of the natural nature of language as a cognitive, social, cultural phenomenon in conjunction with the «image of the universe», in which the knowledge of the language owner about the world is formed, is of great importance. Ethnolinguistic, linguocultural, lingvosocial, etc. the results of the comprehensive research of the school of Academician A. T. Kaidar in the anthropocentric direction, based on the continuity of language этн Ethnos (people) мәдениет culture, language табиғат nature in Kazakh linguistics, are known. The article will focus on the problem of the formation of cognitive phraseology in Kazakh linguistics, based on the research of the representative of this school, phraseologist-scientist G. Smagulova, conducted on the basis of new directions and paradigms of linguistic linguistics.

In connection with this, the system of research conducted in order to characterize the «phraseological picture» of the Kazakh world is evaluated at the level of modern linguistics by a scientist who adheres to the principle of «national code», which corresponds to the linguocognitive level of language research in modern linguistics, which defines Kazakh phrasology according to linguistic paradigms. Such studies make it possible to better understand the unity of language and culture and to interpret national identity from a cognitive perspective.

Key words: Phraseological world, cognitive phraseology, language, ethnicity (person), culture, language. Keywords: nature, national code, linguistic and sociological analysis, cultural communication, anthropogenic paradigm, zoomorphisms, somatisms, phraseological units.

Ж.А. Манкеева*, А.А. Жанабекова

Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

*e-mail: mankeeva1950@mail.ru

Культурно-прагматический потенциал «фразеологической картины мира» в казахском языке

Проблема «человека в языке», лежащая в основе процесса изучения современной антрополингвистической парадигмы, требует комплексной системы исследования языка. В связи с этим важно изучать природу языка как когнитивного, социального и культурного феномена в сочетании с «картиной мира», в рамках которой формируется знание носителя языка об окружающей действительности. Известно, что культурно-языковая система, отражающая казахскую ментальность через фразеологизмы, являющиеся своеобразным ценностным ядром данной преемственности, представляет собой результат многолетних комплексных исследований антропоориентированного направления казахского языкознания, основанного на идеях академика А.Т. Кайдара. Эта школа базируется на концепции преемственности язык ~ этнос (человек) ~ культура, язык ~ природа и включает в себя этнолингвистический, лингвокультурный, лингвосоциальный и другие подходы. В статье рассматривается проблема становления когнитивной фразеологии в казахском языкознании на основе исследований учёного-фразеолога Г. Смагуловой — представителя вышеуказанной школы, с опорой на современные направления и парадигмы лингвистики. В связи с этим, в рамках лингвокогнитивного подхода к изучению языка, система исследований, направленных на описание «фразеологической картины мира» казахов, где фразеология определяется с позиций лингвистических парадигм и отражает «национальный код», выраженный через язык как форму мировоззрения, а не просто как средство коммуникации, оценивается как значимый вклад в современную лингвистику. Такие исследования позволяют глубже понять единство языка и культуры, а также объяснить национальное сознание с когнитивной точки зрения.

Ключевые слова: фразеологический мир, когнитивная фразеология, язык ~ этнос (человек) ~ культура, язык.природа, национальный код, лингвоакциологический анализ, культурологическая коммуникация, антропогенная парадигма, зооморфизмы, соматизмы, фразеологизмы.

Кіріспе

Заманауи лингвистиканы сипаттайтын парадигмада тіл коммуникативтік қызметі шегінде ғана емес, тіл иесінің лингвомәдени қауымдас­тығына тән өзіндік мәдени көзі ретінде қарастырылады. Оны тілдік санада құрылымдайтын мәдени танбалық айшықты көздің бірі – ғасырлар бойы тіл иесінің күнделікті тұрмыстық, рухани-танымдық, әлеуметтік тәжірибесінде қалыптасып, сөз маржандарымен кестеленіп қалған фразеологизмдер жүйесі. Олар – халықтың ғасырлар бойы көркем, рухани-әлеуметтік өмір тәжірибесінен қорытылып, бір сөзбен айшықталған тұжырымдар.

Ал олардың айшықталуына негіз болатын – тіл иесінің санасында күнделікті тұрмыста өзін қоршаған шындықтың сан түрлі құбылыстарын бейнелеп, салыстырып, теңей сөйлеу. Соның нәтижесінде қалыптасатын «ғаламның тілдік бейнесінің» тілдік бірлігі – экспрессивті-эмоционалды коммуникативтік қызмет атқаратын фразеологиялық тіркестер. Бірақ олар шындықты тура атудың номинациялық құралы емес, оны тіл иесінің танымдық, бағалаушылық тәжірибесіне сай экспрессивті бейнелейтін коннотациялық құрал ретіндегі тілдік үлгісі (Телия, 1996).

Осы үдерісіне қатысты фразеология теориясында В.Н.Телия бастаған көптеген ғалым-мамандар метафора құбылысына ерекше назар аударады (Телия, 1988). Қазіргі таңда метафора құбылысы – лингвопоэтикалық құрал ғана емес, шындықты қабылдауға қатысты тілдік санадағы таным деңгейінде қарастырылатын когнитивтік нысан.

Сондықтан да фразеологизмдерді лингвомәдени жағынан тануға басымдық беретін В.Н. Телияның мәскеулік мектебінің бағыты ерекше назар аударады (1996).

Фразеологиялық тіркестерді, негізінен, онда бейнеленген ұлттық мәдениет өзектерінің бірегейлігімен сипаттайтын К. Ахановтың, І. Кеңесбаевтың бастауымен қазақ тіл білімінде де фразеология саласының қалыптасуы осы қағидаға негізделген (1993; 1974). Түркі тілдерінің ішінде алғаш рет жарық көрген І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» көбінесе еркін көшпелі тұрмыс салты мен ата кәсібі мал бағуға байланысты әлеуметтік-тарихи өмірін бейнелейтін рухани және заттық мәдениеттің мифтік таным деңгейіндегі, діни наным-сенімдердегі тілдік бейнесі іспетті, перифериялық сипатты, көмескі компоненттеріне қатысты пассив сипатты, бірақ коммуникативті

қызметі куммулятивтік мәнімен сабақтасқан тұрақты сөз тіркестері берілген. Мысалы: *Бес бие-нің сабасындай, Абылхаят суы, Абылайдың ақ туы, Айдарынан жел есті, Бет моншағы үзілу, жыртысын жырты, Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, қызғыштай қору, Сабасына түсті, Ұзын арқан, кең тұсау, шашасына шаң жұқпау, шырғалаңға түсу, Атымтай жомарт, Есімханның ескі жолы* т.б. Фразеология саласының қазақ тіл білімінде одан әрі қалыптасып дамуы академик Ә. Қайдардың еңбектері мен мектебінің нәтижелерімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, фразеологиялық бірліктердің құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдері, тақырыптық-семантикалық классификация мәселелерін жан-жақты қарастырылды (Жайсакова, 1980; Сәтенова, 1997; Жилкубаева, 2012).

Бұл бағыттағы зерттеу үдерісінің *тіл мен этнос* сабақтастығында одан әрі жалғастығы фразеологиялық ғаламның тілдік бейнесін мифтік танымнан поэтикалық ойға дейін жетілген идио-семантикалық ой-мазмұнын құратын когнитивтік модельдері фразеологиялық тіркестерді айқындаумен байланысты. Соның негізінде тілді зерттеудің қазіргі когнитивтік фразеологияны қалыптастыру – заманауи лингвистика талабы.

XXI ғасырда тілтанымдық зерттеулердің жалпы бағытын тіл арқылы тіл иесінің этноболмысын айқындайтын құндылықтар жүйесін «тілдегі адам» үдерісінде қарастыратын антропоэзектік бағыт белгілейді.

Ұлттық дүниетанымның, ділдің тілдік бейнесінің түп тамырын сұр санада сақталған құрылымдардан іздеу мәселесі В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня еңбектерінен бастау алғаны белгілі. (1984; 1989). Бұл еңбектердің зерттеушілік қағидалары жалғастығын тапқан XX ғасыр зерттеулерінде, «діл (ментальдылық) – жердің қойнауында тереңге барып тірелетін магма іспетті күнделікті өмірдің өзі белгілеген ұстанымдары мен тәртібі, эмоциялары мен көңіл-күйі» (Гуревич, 1989: 454) деп бағаланып, «Mentalite – терең тарихи-әлеуметтік негізбен байланысты саналы және бейсаналы танымның жалпы көрінісінің көзі» (Рожанский, 1989: 459) деп толықтырыла түседі.

Бұл тұжырымдарға сай зерттеу үдерісінде тілдік бірегейлік және тілдік тұлға алға шығып, структурализм бағытына тән «адамдағы тіл» қағидасы зерттеу нысанынан кейінге ысырылуы, вербалдану үдерісінің негізінде когнитивтік сөзжасамдық актінің жүзеге асырылуына негіз болады.

Адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін жасампаздық, танымдық т.б. қызметтерінің жүзеге асырылуының тілмен тығыз байланыстылығы олардың ортақ бірегейлігінің құрылуына көмектеседі.

Қазіргі когнитивтік лингвистиканың психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. салалары бір-бірімен сабақтаса тұтасуы нәтижесінде тілдің адам қоғамында атқаратын қызметінің негізгі қырларын кешенді көрсетеді. Сол үрдістің өзгін құрып, соған сәйкес дүниенің тілдік бейнесін жасаушы, уақыт пен кеңістік арасында өзгертуші көз – тіл иесі, адам. Соның нәтижесінде жаңа тарихи жағдайлар аясында қол жеткен ғылыми жетістіктердің дамуы тілді зерттеудің антропоэзектік парадигмасын кеңейтіп, дамытуда. Заманауи лингвистика үрдісінің сүйенетін тірегі – тілді қоғамдық сананы, қоршаған шындық дүниені тіл иесінің жан әлемін өзінше мүшелеп, бейнелейтін дерегі.

Осымен байланысты бұл мәселе қазіргі қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигма аясында этнолингвистика (бейвербалды ~ вербалды), прагмалингвистика, дискурс (сөйлеушінің интенциясы), жағдаятқа байланысты стратегия, психолингвистика (тіл ~ адам) т.б. аяда жан-жақты қарастырылуда.

Осы арада қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес *тіл мәдениет* байланысы, мәдениетаралық коммуникацияға қатысты қызметін синхронды тұрғыдан жүргізілетін лингвомәдениеттану, оқыту ісіндегі практикалық сипаты басым лингвоелтану және тіл мен этнос сабақтастығындағы этнолингвистика саласы «тіл мен мәдениеттің» тығыз байланысын, ортақ жақтарын атап өткен жөн.

Сонымен, кез келген елдің мәдениетінде (материалдық, рухани) бар нәрсе оның тілінде, нақты айтқанда, оның лексика-фразеологиялық жүйесінде бейнеленеді. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде академик Ә.Қайдар қалыптастырған этнолингвистика саласын профессор М.М. Копыленко этнография мен лингвистика пәндерінің симбиозы емес, «тілді мәдениеттің айнасы» ретіндегі зерттеу деп бағалайды (1995: 17)

Осыған орай, халықтың дүниетанымы мен қалыпты тәртіп-дағдысына сай тіл иесінің әртүрлі жағдаятындағы төл мәдениетке тән ұлттық ерекшелігінің тілде бейнеленуінің айшықты бір көзі – фразеологизмдер жүйесі.

Қазақ тіл біліміндегі этнос болмысын бейнелейтін «фразеологиялық әлемнің» тілдік бейне-

сі, материалдық және рухани мәдениетке жіктеліп, жан-жақты зерттелген: *тамақ* (Жилкубаева, 2012), *киім-кешек* (Алмауытова, 2004) т.б.

Материалдар мен әдістер

«Фразеологиялық әлемнің» тіл ~ мәдениет сабақтастығындағы тілдік бейнесін ашудың шынайылығы фразеологиялық тіркестердің компоненттері ретіндегі тірек сөздерді тануда ғылыми-әдістемелік негізінде А.Вежицкая, Ә.Қайдар еңбектерінен табамыз (2001; 1998: 201-221).

Осымен байланысты аталмыш еңбекте когнитивтік-дискурсивтік талдау, сипаттау, модельдеу тәсілі, компоненттік талдау, концептуалдық, лингвоаксиологиялық талдау әдістері көрсетілген (Смағұлова, 2020:49).

Фразеологияны зерттеу саласында өткен ғасырдың 70-ші жылдарында жарық көрген белгілі М.М. Копыленко мен З.Д. Попованың еңбегіндегі ғылыми тұжырымдары мен қағидалары ерекше маңызға ие болды (2010).

Нақты айтқанда, оның негізін лингвистикалық бірліктердің идиомалық сипатын анықтауға қатысты эквивалентті тәсілді қолдану құрайды. Бұл әдістеме лексемалардағы семантикалық қозғалыстарды, яғни идиомалану дәрежесін денотативті (Д) тіркестерден коннотативті (К) тіркесімділікке дейінгі даму үдерісінде анықтайды. Мақаланың арқауы болып отырған фразеологиялық тіркестердің мәдени-прагматикалық әлеуетін бейнелейтін мәденитанымдық мәніне қатысты семантикалық талдау әдісін қолдану оны тануды тереңдете түседі. Сондықтан әртүрлі лексикографиялық еңбектерден жинақталған фразеологиялық бірліктердің мазмұнында бейнеленген тіл иесінің мәдениеті, ділі жан-жақты ашыла түседі.

Сонымен бірге лексика-фразеологиялық құрылымдарда белгіленген дүниенің этникалық тілдік бейнесі этностың материалдық және рухани ерекшеліктерін тану мақсатында С. Исабеков ұсынған зерттеу «толықтыру қағидасы» теориясы атап өту орынды (1992).

Әдебиеттерге шолу

Фразеологизмдерді зерттеудің негізгі арқауы – тілдің бойындағы халықтың мәдениетін (дүние туралы білімі, құндылықтары, өмір сүру тәртібі т.б.), оның өзгеру, даму күйін сақтау қабілеті. Тілдің коммуникативтік қызметімен қатар кумулятивтік сипаттағы күдіреті арқылы тіл иесінің өмір сүру мәдениеті туралы мәліметтер мен де-

ректер тіл арқылы ғасырдан ғасырға жетіп отыр. Демек, халықтың мәдени, тарихи танымдық қазық ретінде *тіл ~ этнос* сабақтастығындағы зерттеу үдерісі қазіргі қазақ тіл біліміндегі фразеологияның антропоэзектік парадигмалық өзегін құрайды.

Бұл саланың негізделуі құрылымдық лингвистикадағы бастау көзі М.В. Ломоносовтан басталып, орыс тіліндегі сөз тіркестерінің идиомалық сипатына қатысты синтаксис теориясының аясында И.А. Бодуэн де Куртенэ, А.А. Потебня, И.И. Срезневский, Ф.Ф. Фортунатов, А.А. Шахматов еңбектерінде де сөз болады. Ал фразеологизмдердің ғылыми классификациясы Ш.Баллидің пікірлеріне сүйенген В.В. Виноградовтың зерттеулерінде қарастырылып, фразеологияның өзегі ретінде мағынасы құрамындағы компоненттерінен айқындалмайтын идиомалық бірліктер саналды. Осы бағытта фразеологияның мәселесі жан-жақты қарастырылып, түркі фразеологиясы да қалыптаса бастады. К. Аханов, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Ш.У. Рахматуллаев, С.Н. Муратов, Г.А. Байрамов, Г.А. Ахунзянов, З.Г. Ураксин және т.б.

Қазақ тіл білімінде фразеологияның теориялық және практикалық мәселелері М.М. Копыленко, З.Қ. Ахметжанова, Р.С. Жайсакова, Р. Таева, Н. Уәли, Ш. Елемесова, Г.Н. Смағұлова, Р.А. Авакова және т.б. ғалымдардың зерттеулерінің нысаны болды.

Фразеологияның классификациясына қатысты және жалпы фразеология теориясында жоғарыда көрсетілген М.М. Копыленко мен З.Д. Попованың еңбектеріндегі семантикалық өлшемдерге негізделген тұжырымдарының орны ерекше.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі лингвистикадағы «тілдегі адам» қағидасына сүйенген қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма аясында осы кезге дейін қол жеткен нәтижелердің заңды жалғасы ретіндегі қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесінің мәдени коннотациясы Қазақ тілінің ұлттық корпусының мәдени-мазмұнында тіл иесінің этномәдени, символдық, мифопоэтикалық, психосоматикалық, әлеуметтанымдық, зооморфтық тілдік деректердің антропогендік сипатта дәйектелуі *тіл ~ этнос* мәдениет сабақтастығында тілді зерттеу концепциясының жаңа деңгейі деп бағалауға болады.

Осымен байланысты Фразеологизм ішкорпусында берілетін тілдік дәйектердің үлгісін дайындау төмендегідей жүйеде жүргізілді:

1-кесте – Қазақ тілінің ұлттық корпусы: фразеологизм ішкорпусы

Қан жайлау	Дәстүрлі тұрмысқа, шаруаға тән кезең	жайлау-дың қызған шағы, сөзі	«Қан жайлау» ұғымы уақыт, мезгілге қатысты қалыптасқан сияқты. Өйткені жайлаудың алғашқы кезеңі, басталар шағы бар. Бұл өз көрінісімен әсем қыстаудан көктеуге шыққан жұртты алды жайлауға келіп, қоныс тебе бастаған кез. Жайлау отынның соңына тіс тимей, құрағының қаймағы бұзылмай тұрады. Бұдан кейінгі кез – қан жайлау. Бұл шақта жайлауға көшетін жұрттың бәрі келіп болып, бас-аяғы түтел жиналады. Той-дұман, ас-су, қонақ көде, ат-жарыс, өнер жарыс т.б. қызықтардың өткізілетін шағы да осы тұс (Н. Уәли)	қан, жайлау	малшар	этн.	көңіл көтеру ортасы
Қазығына қара айнадай	Әлеуметтік күй	мал бітті.	Қазыққа байланатын малы көбейіп, өсім-өнімі артып, тұрмысының жақсарып, әл-ауқатының түзелуі.	қазық, қара, айнал	малшар.	әлеуметтік	тұрмыс күйі
Аттың жалы, түйенің түйенің қомында	Жаугершілік заман сипаты	абыр-сабыр, асығыс	Жаугершілік заман мен жорықта жүретін саяқ аттын жалы мен көшпенді тұрмысына сай жүк артатын түйенің қомына ұқсатқан қарбалас сәттің бейнеленуі	ат, жал, түйе, қом	әбігер, қарбалас сәт	қимыл-әрекет	әрекет
Жараған бурадай	Кемеліне келген сипат	кемеліне келген, қуатты	Бұраның әбден күйі келген кезі, мінез-құлқы мен әрекеті айналасына қауіпті, жайпап, таптап, аласұрып кетеді.	жараған, бура	кемел шак	физ. биол. күй	жетілу
Алалы жылқы, ақтылы қой	Байлық	мыңғырған мал	Бұл тіркес ата-кәсібі мал шаруашылығы болған халқымыздың өзі етене жақын білетін малға қатысты танымынан туған. Жылқы малының әртүрлі түсі болады: торы, кер, жирен, қула, боз, қоңыр, қара т.б. Ал қойда негізінен ақ түс басым болады.	алалы, жылқы, ақтылы, қой	малдың көптігі	тұрмыс	байлық
Көсегең көгерсін	Бата	үлкендердің жастарға айтатын алғыс-тілегі	Ертеде бұл тілек көбінесе тек қыз балаға қаратылып айтылған. Көсеге – жана түскен келіннің алдынан алып шығып шаңыраққа кірерде ұсталатын шымылдығы. Дәстүрлі танымда «көк» сөзі өсіп-өнуі білдірсе, демек, “көсегең көгерсін” деген үбірлі-шүбірлі бол мәнін білдіреді.	көсеге, көтеру	наным	этн.	әрекет
Кіндік шеше	Этн.	дүниеге келген сәбидің кіндігін кескен әйел ана	Қазақ дәстүрінде сәбидің анасымен байланысқан кіндік бауын кесу ғұрпына және оны кесетін адамға ерекше мән берілген. Мифтік таным бойынша кіндік кесу баланың басқа әлемнен бұл дүниеге өтуін айғақтайды. Кіндік бау екі дүниені жалғастырушы (медиатор). Сондықтан оның бойында тылсым күш бар. Сондықтан бұл қызметке аққол аналар, иманды, мінезі жақсы, іскер т.б. ізгі қасиеттерге ие аналар тандалады. Ол ананың босануына, нәрестенің күтіміне де көмектесіп, кейінгі өмірінде де балаға тілекші, қамқор бол жүреді.	кіндік, шеше	екінші анасы	туыс.	әрекет
Қазан төңкеру	Ем	емдік тәсіл	Итсигек деген шөлейт далала, сортаң жерде өсетін ұлы өсімдіктің үстіне шілдеде көктемнен кейін қазан төңкеріп кетіп, күзеге түскен кезде ауларда, сол кезеңде қазанның қабырғасына жабысқан өскінін ұнтақтап, малды емдеуге қолданады.	қазан, төңкеру	емдік шара, ұлы шөп	вет.	әрекет

Мұндай іргелі зерттеу жобасына ғылыми-әдістемелік негіз болатын лексикалық мағына-ның семантикалық деривациясы, сөздің семантикалық әлеуеті сияқты мәселелерді халықтың атамзаманғы өткен өмір-тіршілігін бүгінгі болмыспен жалғастыратын «алтын арқау» іспетті кестелі сөзді (фразеологизмдерді) кең мағынада түсінетін академик Ә.Қайдар мектебінің шәкірттері Г.Н. Смағұлова (2010; 2020), Р.А. Авакованың (2003; 2009) халықтың мәдениетін сақтау тәсілі ретінде жан-жақты қарастырылады. Мысалы этностың дүниетанымын қалыптастыратын когнитивтік санасына өмір сүрген аймағының флорасы мен ата кәсібіне қатысты фаунасының да ықпал етуі етуі мүмкін.

Профессор Р.А. Авакованың шәкірттерімен бірлестіктегі зерттеу нәтижесін жариялаған мақаласында түркі тілдеріндегі зооморфтық фраземалар семантикасы қарастырылады. Әмбебап метафоралық модельдер ретінде зооморфтық номинацияларды қамтитын сөз тіркестерінің семантикасы талданады. Бұл сайып келгенде, түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің тақырыптық бір тобына қатысты когнитивті модельдерді анықтау деп білеміз (2024).

Профессор Р. Авакованың зерттеуінде лексикалық және синтаксистік жүйелердің арасындағы деңгейаралық жүйе болып, табылатын фраземалар семантикалық, когнитивтік аспектіде зерттеледі. Олардың ішкі құрылымы мен мағынасы әлемді бірбүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениетпен байланысты қарастыру арқылы анықталады. Фраземалардың ұлттық ерекшеліктері психоллингвистикалық фактор ретінде танылып, бейнелі тілдік бірліктердің пайда болу көздері мен олардың қалыптасуына ұйытқы болатын этномәдени деректер талданады. Сонымен қатар фраземалардың символдық қасиеттері семиотикалық аспектіде қарастырылып, олардың коннотациялық табиғатының теориялық негіздерін сипаттау тіл біліміндегі шешімін табуға тиісті өзекті мәселелер ретінде көрсетіледі (Авакова, 2009).

Фразеолог-ғалым Г. Смағұлованың монографиясында «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977) жылқы сөзіне қатысты – 5 ат сөзіне қатысты 90-ға жуық фразеологизм тіркелгенін көрсетеді. (2020: 210). Ғалымның пікірінше, төл мәдени дискурсқа тән жылқыға қатысты ұғымдардың концептуалдануы ұлттың тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, салт-дәстүрі сияқты құндылықтық мазмұн құрылымдалатын когнитивтік фразеологизмдерді туғызып, лингвоаксиологиялық мәнге ие болады.

Демек, тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылатын фразеологиялық тіркестердің құрамындағы мәдени мәнді компоненттер, белгілі бір тілдің ұлттық ерекшелігі сол фразеологизмдерде бейнеленген ұлттық мәдениет деректерінің бірегейлігімен (уникальность) де сипатталады. Атап айтқанда, ұлттық фразеологизмдердің ерекшелігі сол халыққа ғана тән ұлттық құбылыстарды экспрессивті түрде атауға қызмет ететін экстралингвистикалық себеп – ұлттық мәдениет негізінде. Бұл арада лингвомәдениеттанушы ғалымдар (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Г. Сағидолдақызы және т.б.) тіл қарым-қатынастың бейнелі түрі не таным құралы ғана емес, ұлттың мәдени белгісі ретінде қарастырады.

Сонымен тілдің коммуникативтік қызметіне сәйкес сөзқолданыс тәжірибесінде фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің мазмұнындағы тұжырымдар тілдің қоғамдық-әлеуметтік тіршілікпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан да сөз мәдениетінің болмысын терең де кешенді жүйе ретінде зерттеген профессор Н. Уәли көрсеткендей, тілдің қасиеті, сөз күдіреті жөніндегі өмірден түйген түйінді ойларын (тіл туралы мақал-мәтел, фразеологиялық сөз орамдарын т.б.) халықтың метатілдік рефлексиясы.

Сол сияқты рухани мәдениет үлгілерінің номинативті бірліктерінің деннотаттық және коннотаттық мағыналарында бекітілген (стереотиптенген) ғаламның этникалық концептілік өрісін немесе этникалық тілдік бейнесін туғызады. Мысалы, *ер адамның жолын кеспеу* (жігіттің жолы болмайды); *әйел адамға пышақ қайратпау* (күйеуінің сағы сынады); *дәм-тұзы жарасу* (та-ту-тәтті өмір сүру) т.б.

Тілдің коммуникативтік қызметімен сабақтас кумулятивтік қызметі негізіндегі арқауы көбінесе тарихи даму барысындағы тілдік жүйенің шеткері өрісін құрайтын құрылымдарда сақталған. Олар тіл тұтынушы халықтың тарихи-мәдени, рухани-әлеуметтік т.б. дүниетанымдық әлемін танытатын этноаңбалық тілдік бірліктер ретінде анықтауды қажет етеді. «Талай ғасырлар белгілі бір тілді тұтынушы қоғамда коммуникативтік-әлеуметтік қызмет атқаратын тілдің бойында тілдік-мазмұндық ақпарат сыйымдылығы жинақталып, фразеологиялық тіркестердің құрамындағы компоненттері ретіндегі «өлі түбірлердің» құрамында «сүрленіп» сақталуы – соның бір дерегі» (Манкеева, 2010: 148).

Осы өлі түбірлер сияқты ғасырлар бойы халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталған, көркемсөз кестесінің шеңберінде айшықта-

лып, ұрпақтан-ұрпаққа тілдің коммуникативтік те, кумулятивтік те қызметі негізінде жеткен көне тамырлы сөздердің көзі – фразеологиялық тіркестер. Олар – ұлттық болмыс-бітімін, дүниеге көзқарасын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік мәнін, ой-тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін ұлттық таным қорында жинақтаған тілдік таңбалар (Сонда, 149).

Қазіргі таңдағы жеке түркі тілдері тіл білімінің даму деңгейіне сай қолжеткен нәтижелері фразеологиялық жүйенің жалпытүркілік сипатта біршама типологиялық тұрғыдан қарастырылғаны белгілі. Танымдық өзектің бейнелеуіш, бағалауыштық қасиетіне орай фразеологиялану құбылысын екіншілік номинация нәтижесі іспетті фразеологизмдердің семантикасын ашуға мән беру – фразеолог-ғалым Г. Смағұлованың барлық зерттеулеріне тән үрдіс (2010; 2017; 2020).

Автордың пайымдауынша, тіл мен мәдениет байланысындағы пәнаралық үдерістің жандануы қазақ фразеологиясын жаңа ғылыми парадигмалар аясында зерттеудің қажеттілігін туғызды. Соның нәтижесінде лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің сезімдік-эмоциялық әсер беретін коммуникативтік-прагматикалық аспектілері когнитивтік фразеологияның қалыптасуына негіз болды (Смағұлова, 2020: 5).

Осымен байланысты ғалымның: «...ұлттық мәдени аспектілердегі прагматикалық жақтары фразеологизмдерді жасаған халықтың этносы ретінде тіл арқылы әлемді қалай таныды, өзін өзгелерге ұқсамайтындығын қандай салт-дәстүрмен көрсеткендігін тілдегі қалыптасқан тұрақты тіркестер айтып бере алмайтындығын» фразеологизмдердегі этнос мәдениетін айқындайтын Ә.Қайдардың, М.Копыленконың этнолингвистикалық зерттеулермен байланыстыруы профессор Г.Смағұлова зерттеулерінің негізгі бағытын белгілейді (2020: 20).

Мысалы аталмыш монографияда тіл мен мәдениет байланысынан фразеологиялану үдерісін, яғни фразеологизмдердің еркін тіркестердің негізінде қалыптасуын көрсететін *қамшы болды* тіркесінің талдау үлгісі берілген: «Ұлттық мәдени сөздерге жататын себебі қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігінде қамшының рөлі мен орны ерекше. Оның қайыс таспадан өрілген түрлері, жасалу жолдары, сабының сапасы сияқты өзгешеліктері тек қазақ мәдениетіне ғана қатысты. Құрал ретінде малды айдайды, атты қамшылау үшін пайдаланылады. Демек, малды әрдайым қозғалуға, тез жүруге итермелейтін,

түртетін нәрсе, зат атауы – *қамшы*. Ал қимылдың *аты* – *қамшы салу, қамшы болу*. Келе-келе затты немесе құбылысты танудың қорытындысы салыстырмалы түрде ұқсас құбылыстың атауына көшкен. Қазақ тілінде *қамшы болды* – «бір нәрсеге қозғау салды, түрткі болды, итермелейді» деген ауыспалы мағынаға ие болып, фразеологизмге айналған». (Смағұлова, 2020:37)

Сонымен, профессор Г.Смағұлованың зерттеу нәтижесіндегі тұжырымы бойынша: «Когнитивтік фразеологияның пәні – когнитивтік дискурстық кеңістікте фразеологиялық тіркестердің таным мен мәдениет ықпалымен өзара әрекеттестігі» (2020: 49).

Осымен байланысты фразеологиялық концептілерді сипаттайтын басты өлшемдер ретінде «ұғымдық, құндылық, бейнелілік» белгілері көрсетіледі: *еркек кіндікті, қыздың жиган жүгіндей, дүниенің төрт бұрышы, қара шаңырақ, ботадай боздау* т.б. (Смағұлова, 2020: 51-54).

Г. Смағұлова зерттеулеріндегі когнитивтік фразеологияның даму үдерісін мағыналас фразеологизмдердің мазмұнын талдауларынан танып, анықтаған жүйесінен көруге болады: «жәрдем беру, көмектесу» мағынасы – *ат салысу, ат сауырын беру, жанын тындыру, жылу жинап беру, қанатымен су себу, қол ұшын беру, септігін тигізу, шапағаты тию* т.б.

Ұлттық мәдениет бейнеленген қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің концептілік құрылымдарының жіктелуі де фразеологизмдердің когнитивтік салада құрылымдалуын дәйектейтін жаңа деңгейдегі зерттеу үлгісі деп білеміз. Атап айтқанда, гештальт – *жылқы мінезді адам* т.б.; стереотип – *құда болу* т.б.; схема – *атқан таңдай* т.б.; ой-сурет – *ана сүтін ақтау* т.б. (Смағұлова, 2020: 69-71).

Қазақ фразеологиясын жаңа лингвистикалық парадигмаларда талдап, зерттеудің кеңістігін заманауи қолданыспен байланыстыратын бейнелі сөзжасамның әлеуетін жаңғыртудың динамикалық үдерісін жаңалық сипатын монографияның «Қазақ фразеологиясының дискурстық сипаты» деп аталатын тараудың фразеологиялық, неология, «Фразеологиялық деривация», «Қазіргі қазақ фразеологизмдерінің мәдени-қатысымдық дискурсы» тараушалары дәйектейді (Смағұлова, 2020: 91-117). Мысалы, *тұсау кесер, жас жұлдыз, жұлдыз ауруы, лақтырып кетті, фарын сындыру, құлақтан тебу* т.с.с. жаңа тіркестер дәстүрлі төл мәдениетпен тіл иесінің арасындағы сәйкессіздікті сипаттаса, *жаңа қазақ, түнгі көбелек, көкек ана* сияқты жаңа тіркестерді ға-

лым *тіл ~ қоғам* сабақтастығының бұзылуынан, саяси-әлеуметтік мәселелердің күрделілігімен түсіндіреді. Бұл жағдай мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қоғамдық қызметтің жандану, жаңару үдерісінің көрінісі іспетті «жаңа қолданыс, неологизм, неосемема» сияқты ұғымдармен байланысты зерттеулер тұжырымдармен үндеседі: «Жаңа қолданыстар мәселесінің біздің ойымызша тіл біліміндегі сөзжасам саласы шегінен тыс айқындалатын тұстары да бар. Біріншіден, қазіргі шындыққа сай қоғамдағы жаңа ұғымдар мен қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай қалыптасқан рухани-танымдық ақпарат атаулары жаңа ұғымның тілдік бейнесін таңбалауға деген қоғамның талабы мен мемлекеттік мүддеден туындайды. Екіншіден, қазіргі таңда айқындалып отырған «рухани жаңғыру» бағдарына сай жаңа қолданыстар жасалымы таза лингвистикалық сөзжасамдық тәсілдерге емес, негізінен, қазақ сөзінің мәдени-танымдық тамырына сүйенеді» (Бисенғали, 2022; Бисенғали, Бекеева, Манкеева, Нұрдіулетова, 2021). Мысалы *мүмкіндігі шектеулі адам, сыбайлас жемқорлық, қара жұма* т.б. сияқты қолданыстар жаңару үрдісін қазіргі қоғамның саяси-әлеуметтік қарым-қатынас аясында адресатқа ықпал етіп, оларды *тіл ~ қоғам, тіл ~ саясат, тіл ~ жаһандану* т.б. сабақтастығында қарастырылуы когнитивті-семантикалық континуумындағы тілдің саяси-коммуникативтік қызметін дәйектейді (Ахатова, 2006; Ибраева, 2010).

Сонымен бірге тарихи фразеологизмдердің ұлттық мәдени негіздері (ұлттық мінез, ұлттық сезім, салт-дәстүр) *тіл мен танымға* байланысты фразеологизмдердің варианттылығы, мағыналасылығы, қарсы мәнділігі, қос тағандылығы, көпмағыналылығы және соматизмдерге, зооморфизмдерге, түске байланысты түрлері айқындалатын лингвомәдениеттану, этнолингвистика, лингвоконцептиология т.б. антропоэзектік бағыттың парадигмаларында жан-жақты талдануы когнитивтік фразеологияның ғылыми-әдістемелік негізін дәлелдейді.

Фразеологиялық бірліктерді заманауи лингвистикалық парадигмалар аясында кешенді зерттеу үрдісін болашақта лингвосинергетикалық парадигмада жалғастыру мәселенің теориялық-әдістемелік негізін тереңдетіп, ғылыми дамудың үрісін кеңейтуге мүмкіншілік береді.

Тілдегі мағынатуырушылық үдерісті айқындауға қатысты лингвосинергетикалық парадигма арқылы түсіндіруге болады. Мәселені шешудің тетігін синергетик-ғалымдар хаостикалық бірліктерді фразеологиялық тіркестердегі өзін-

өзі ұйымдастыру заңдылығымен, фразеологизмдердің мазмұнындағы ішкі тұтастығымен және тілдің бейсызықтық сипатына сай интеграция үдерісімен байланыстырады. Сайып келгенде, бұл үдеріс тіл иесінің сөйлеу әрекетіндегі креативті белсенділік нәтижесінде санадағы хаостық қозғалысты жаңа аттракторды құрылымдауымен байланысты.

Қорытынды

Жалпы тіл өзінің даму барысында өсіп-өніп отыратын адамзат мәдениетінің моделі болса оның динамикалық күйі өзін-өзі дамытушы сипатта болуымен күрделенеді.

Бәсекелестікке қабілетті ел ретінде Қазақстанда қарқынды даму интеграциялық қарым-қатынас тіл арқылы тұтынушының санасында ғылым мен білім қорын жаһандану үрдісіне сай бейімделуде. Осыған орай әлемдік тәжірибе алмасу мен мәдениаралық коммуникация біліктілігінің жоғары деңгейі ана тілінің инновациялық жүйесінің тиімді қолданылуына негізделген қазақ тіл білімінің жаңа бағыттағы ғылыми-теориялық негіздемесін дамыту қажет етеді. Соның негізінде ашылған қазақ тілінің жаңа өмірге икемделген заманауи лексикасы мен фразеологиялық жүйесінің рухани жаңғыруға қатысты мән-мазмұны кәсіби, іскерлік, салалық тілдің жұмсалымдық, жасампаздық сипатын бейнелейді. Осы бағыттағы *тіл мен қоғам* сабақтастығы Тәуелсіз қазақ елінің рухани-әлеуметтік жаңару кезеңіндегі мемлекеттік тілдің ұлттық және әлемдік үлгісінің тоғысуын бейнелейтін қазақ тіл білімінде когнитивтік фразеология саласын дамыту аса маңызды.

Осымен байланысты қазақ тіл білімінде тіл арқылы ұлт болмысын тану қағидасын негіздеген көрнекті түркітанушы, қоғам қайраткері, академик Ә.Қайдар мектебінің лингвофилософиялық идеясын заманауи лингвистикалық парадигмаларда жалғастырған фразеолог-ғалым Г. Смағұлованың зерттеулерін ұстаз аманатына адалдығын танытқан ғылымдағы дәстүр жалғастығының көрінісі ретінде бағалауға болады.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

References

- Ahatova, B.A. (2006). Politicheskii diskurs iazykovoe soznanie [Political discourse and linguistic creation]. Almaty. (in Russian)
- Akhanov, K. (1993). Til bilimining negizleri [Fundamentals of linguistics]. Almaty. (in Kazakh)
- Almauytova, A.B. (2004). Qazaq tilindegi kiim ataýlarynyń etnolingvistikalyq tabigaty [The ethnolinguistic nature of clothing names in the Kazakh language]. Author's abstract ... cand. philol. scien. diss. Almaty. (in Kazakh)
- Avakova, R., Tuimebaev, J., Kudyarova, Sh., Dosanova, A., Samatov, I. (2024). Turki tilderindegi animalistik frazeologizmderniń semantikasý [Semantics of animalistic phraseological units in Turkic languages]. Eurasian Journal of Philology: Science and Education. Vol. 4. Iss. 196. P. 4-16. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph1> (in Kazakh)
- Avakova, R.A. (2003). Frazeosemantika [Phraseosemantics]. Almaty. Qazaq Universiteti. (in Kazakh)
- Avakova, R.A. (2009). Frazeologia teoriyasý [Theoretical frazeology]. Almaty. Qazaq Universiteti. (in Kazakh)
- Bisenǵali, A.Z. (2021). Qazaq jane turik tilderindegi janga qoldanystardyng lingvo-kognitivtik damu zhuiesi (gazet leksikasý (1995-2015 jj. negizinde) [The Linguo-Cognitive Development System of New Usages in the Kazakh and Turkish Languages (Based on Newspaper Lexicon from 1995 to 2015)]. PhD ... Diss. Almaty. (In Kazakh)
- Bissengali, A., Bekeyeva, N., Mankeyeva, Zh., Nurdauletova, B. (2021). Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. International Journal of Society, Culture & Language. Vol. 9. Iss. 2. P. 29-40.
- Cowie, A.P. (1998). Phraseology: Theory, analysis and applications. Oxford: Oxford University Press.
- Gläser, R. (1998). The stylistic potential of phraseological units in the light of genre analysis. In A.P. Cowie (Ed.), *Phraseology: Theory, analysis, and applications* (pp. 125–143). Oxford: Oxford University Press.
- Gyurevich, A., Rojansky, M. (1989). Mentalnost' [Mentality]. In *Opyt slovaria novogo myshleniia* [The experience of new thinking]. Moscow. (In Russian)
- Humboldt, W. von. (1989). Izbrannye trýdy po iazykoznaniiy [Selected works on linguistics]. Moscow. (in Russian)
- Ibraeva, Zh.K. (2010). Yazyk politiki i politika iazyka [The language of politics and the politics of language]. Almaty. (in Russian)
- Isabekov, S. (1992). Princip dopolnitel'nosti v nominativnoi sisteme iazyka [The principle of complementarity in the nominative system of language]. Alma-Ata. (In Kazakh)
- Mankeeva, Zh. A. (2010). Qazaq tilindegi baýrǵy túbirlerdi jańǵyrtý [Revival of the indigenous roots in the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Potebnia, A. (1989). Slovo i mif [Word and myth]. Moscow. (in Russian)
- Qaidar, Á. (1998). Qazaq tiliniń ózekti máseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili. (In Kazakh)
- Satenova, S. (1997). Qazaq tilindegi qos tagandy frazeologizmderniń tildik zhane poetikalıyq tabigaty [Linguistic and poetic nature of twin phraseological units in the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Smaǵulova, G. (2017). Frazeologizmderniń semantikalıyq kategorialary [Semantic categories of phraseological units]. Almaty. (In Kazakh)
- Smaǵulova, G. (2020). Qazaq frazeologiasy lingvistikalyq paradigmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. Almaty. (In Kazakh)
- Smaǵulova, G. N. (2010). Maǵynalas frazeologizmderniń ulttyq mádeni aspektileri [National and cultural aspects of semantic phraseological units]. Almaty. (In Kazakh)
- Telia, V. N. (1988). Metafora v iazyke i tekste [Metaphor in language and text]. Moscow: Nauka. (In Russian)
- Telia, V. N. (1996). Russkaia frazeologiya: Semanticheskie, pragmaticheskie i lingvokul'turologicheskie aspekty [Russian phraseology: Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. Moscow. (In Russian)
- Vejbiskaia, A. (2001). Ponimanie kul'týr cherez posredstvo klúchevykh slov. [Understanding culture through keywords] M., 2001 (in Russian)
- Zhaisakova, P. E. (1980). Semantiko-grammaticheskaia struktura frazeologizmov v kazakhskom iazyke [Semantic and grammatical structure of phraseological units in the Kazakh language] (Candidate dissertation abstract, Philological Sciences). Alma-Ata. (In Kazakh)
- Zhilkubaeva, A. (2012). Leksika pitania v tiurkskikh iazykakh: Lingvokul'turologicheskii aspekt [Vocabulary of nutrition in the Turkic languages: Linguocultural aspect]. Ust-Kamenogorsk. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Манкеева Жамал Айтқалиқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: mankeeva1950@mail.ru);

Айман Жаңабекова – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан, e-mail: aiman_miras@mail.ru).

Сведения об авторах:

Манкеева Жамал Айткалиевна – доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: mankeeva1950@mail.ru);

Айман Жанабекова – доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынулы (Алматы, Казахстан, e-mail: aiman_miras@mail.ru).

Information about the authors:

Zhamal Aitkaliyevna Mankeeva — Doctor of Philology, Professor, Chief Researcher at the A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mankeeva1950@mail.ru);

Aiman Zhanabekova — Doctor of Philology, Professor, Chief Researcher at the A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aiman_miras@mail.ru).

Келін түсті: 31 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 8 маусым 2025 жыл